

«Бекітемін»
«Алтын сақа» жекеменшік
шағын орталық директоры:
Досбергенова А.К.
«21» Ақпан 2023ж

Мектепке дейінгі балаларды табиғатпен таныстыру

әдістері және түрлері

Мектепке дейінгі мекемедегі табиғатпен таныстару процесінде әртүрлі әдістер – көрнекі (бақылау, суретті (картина) қарау, кино немесе диофильмдер көрсету), практикалық (ойын әдісі, еңбек, қарапайым тәжірибелер), Сөздік (тәрбиешің әңгімесі, әдеби шығармалар оқу, әңгімелесу).

Көрнекілік әдісі

Бақылау

Бақылау- қоршаған ортадағы құбылысты және заттарды мақсатты көздей отыра жоспарлап қабылдау. Бұл күрделі танымдылық әрекет, бұған түйсік, ойлау және сөз қатысып және тұрақты зейінді талап етеді.

Табиғатта бақылауды ұйымдастырғанда тәрбиеші көптеген міндеттерді шеше алады: табиғат туралы балалардың білімдерін қалыптастырады, байқағыштықтарын дамытады, эстетикаға тәрбиелейді. Бақылаудың екі түрі бар – қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді. Қысқа мерзімді- заттың немесе құбылыстың сапасы мен қасиеттері туралы білімдерін қалыптастырады, балаалар пішінін, түсін, көлемін, бөлшектің кеңістіктегі орналасуы, бетінің мінезін, ал аңдарды таныстырғанда – қимыл-қозғалысының ерекшеліктері, шығаратын дыбыстары, т.б.

Күрделі бақылау – ұзақ бақылау, балалар бұрын болған құбылысты салыстырады, т.б. Бақылауды жеке бір белгілерге де жасауға болады. Мыс: құмырадағы гүлдің топырағы арқылы су құю керектігін анықтау, аквариумдағы балықтың жүріс-тұрысына қарай суды ауыстыру немесе тұтас суретті қалыптастыру(қардағы ізден кім келгенін, жидектің түсінен – оның піскенін, піспегенін анықтау). Бұл бақылау – балалардың құбылыстарды анализдеу дағдыларын, жеке деректерді салыстыруға, қарапайым ой тұжырымдама жасауды үйретеді. Кейінгі бақылаудың екеуінің күрелігіне қарастап ұйымдастырылады. Бұл бақылау барысында тапқырлық,қайқағыштық, анализдеу, салыстыру , ой тұжырымдау процестері жетіледі.

Бақылау балаларды өсімдіктер және аңдармен, ауа-райымен, ересек адамдардың табиғаттағы еңбегімен таныстырғанда ұйымдастырылады. Бақылау – сабақта, экскурсияда, серуенде, табиғат бұрышында, табиғатта жүргізіледі. Бақылауды жалпы барлық баламен немесе жарты топпен, бірнеше баламен ұйымдастыруға болады. Бұл бақылаудың мазмұны мен тәрбиешінің алдына қойған міндетіне байланысты. Бірақ барлық жағдайда да бақылау баланың ой жүгірту белсенділігі жоғары деңгейде болуы

керек, оларды ойландыру, қойылған сұрақтарға жауап іздеу, құштарлықтарын дамыту, табиғатқа деген қызығушылық пен құтты қатынасқа тәрбиелеу.

Бақылауға дайындық.

Бақылауға дайындалу тәрбиеші үшін затты, объектіні таңдаудан басталады. Таңдалған аң немесе өсімдік жақсы жағдайда болуы керек. Егерде топта, онда бақылайтын заттың орнын дұрыс анықтап алған жөн, ол барлық балаға көрінетіндеу болу керек...

Бақылауға басшылық.

Бақылаудың алдында, әсіресе ол алғашқы рет өткізіліп жатса, онда балалардың алдына қойылған міндет пен сұрақты қоюға асықпау керек. Балалар 1-2 мин өзбеттерімен объектіні қарап көріп алуға мүмкіндік берген жөн. Балалардың көрген заттары бойынша алғашқа әсерлері, туындаған құштарлықтарын қандырғаннан кейін ғана тәрбиеші әртүрлі тәсілдерді (сұрақтар, жұмбақ, затты зерттеу, салыстыру, ойын және еңбек әрекеттері) қолданады. Ол балаларға көргендерін түсінелері үшін түсіндіреді, әңгімелейді. Қызықтыру үшін, эмоциялық қатынас үшін, затты эстетикалық қабылдауларын қамтамасыз ету үшін, тәрбиеші кіші топтардың балаларына өлең-тақпақ, фольклораның қысқа түрін қолдану, ал ересек топтарында бақылаудың соңында тіпті әдеби шығармалар оқиды. Бақылау белгілі бірізділікпен өтуі керек. Аңды бақылағанда, тәрбиеші баланың зейінін әуелі оның мінез-қылқына аударады: «Не істейді?, Қалай жылжиды?, Не жейді? Қалай?». Сосын барып оның сырт пішініне көңіл аударады: «Денесі немен жабылған? Аяқтары ұзын ба, жоқ әлде қысқа ма? Көздері қандай (пішіні, түсі)?»

Өсімдікті қарау – ол гүл болсын, ашық әшекейлі жапырақ болсын, тіпті сабақ болсын әуелі оның ең жарық көзге түсетін белгісінен басталады. Сосын оның сыртқы құрлысының негізгі ерекшеліктері: гүлдің, өсімдіктің, сабақтың көлемі, мөлшері біртіндеп анықталады. Мектепке дейінгі балалардың зейіндері еріксіз және соншалықты тұрақты болмағандықтан осындай бірізділік қажет. Тек соңында бақылау барысындағы түсініктерін тәртіпке келтірген жөн. Осындай бірізділікті үнемі қолданған жөн, себебі балалар өздерінің ойларын жеткізерде жеңіл болады.

Баланы табиғатпен таныстырғанда әрбір бақылау нақты бір үлкен емес міндеті шешеді. Сондықтан тәрбиеші бақылауды өткізгенде өткен бақылаумен байланыстыра ұйымдастырған дұрыс.

Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.

Табиғаттағы маусымдық күз мезгіліндегі өзгерістерді (күн қысқарды, түн ұзарды, жапырақтар түсу, тұман, қырау, жаңбыр, жел, шыбын-шіркейлердің біртіндеп жоғалуы, жыл құстарының жылы жаққа ұшып кетуі, кейбір жануарлардың ұйқыға кетуі, астық жинау, қысқа жеміс-жидектерді дайындау), қыс мезгіліндегі маусымдық өзгерістерді (күн қысқарып, түн ұзарады, аяз, қар жауу, өзендер мен су қоймаларына мұз қату, қарлы жер, жапырақсыз ағаштар мен бұталар, қалалар мен елді мекендер көшелерін қардан тазалау, жабайы аңдар мен қыстап қалған құстарды қоректендіру), көктемдегі маусымдық өзгерістерді (күн ұзарып, түн қысқара бастайды, ағаштар бүршік жарады, алғашқы шөптер, бәйшешек шығады, жыл құстары ұшып келеді, жәндіктер пайда бола бастайды, кейбір жабайы аңдар қысқы ұйқыдан оянады, жан-жануарлар төлдейді, дәнді дақылдар мен көкөністерді сеуіп, көшеттерін отырғызады), жаздағы маусымдық өзгерістерді (күн өте ұзақ, түн қысқа, күннің ысуы, өсімдіктердің өсуі, жануарлардың, жәндіктердің, құстардың тіршілігі, бақшадағы мәдени өсімдіктерді күтіп-баптау) бақылап, ерекшеліктерін ажыратып айта білу дағдыларын қалыптастыру.

Мектеп жасына дейінгі жастағы балалардың жеке тұлғасының, психологиясының дамуының ең басты міндеттері қазіргі таңдағы ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Соның ішінде экологиялық сабағының бала өмірінде алатын орны ерекше. Осы кезде ересек мектеп жасына дейінгі баланың өз-өзіне, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік тұжырымдамасында болашақ ұрпақты ана тілін таза білетін, туған жеріне, отанына, жүрген ортасына сүйіспеншілігі мол, табиғатын сүйетін, қорғайтын, сақтайтын ұл-қыз тәрбиелеу деп көрсетілген. Қазақстан Республикасының «Білім беру» жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі қазақ халқының азаматтары жан-жақты білімді, елін сүйетін еңбекші болу керек деп көрсетілген негізге сүйене отырып жасалған экологиялық тәрбиені еңбек арқылы үйрету сабағының бағдарламасы.

Бағдарлама аптасына 1 рет базистік жоспардың жылжымалы бөлігінде жүргізіледі. Жыл бойы жүргізілетін сағат саны 36, бағдарлама негізінен тоқсандық тақырыптарға бөлініп жоспарланған.

Экологиялық табиғатты тану сабағында балалар білімді жан-жақты тәрбиеленеді.

Сабақ әр түрлі формада жүргізіледі: *кіріктіру сабағы;

*саяхат сабағы.

Сондықтан да балалардың қызығушылығына байланысты алынатын тақырыптар.

« Экология және біз»

Өсіп келе жатырмын

Бесігінде бақыттың.

Өн-жырымен уақыттың

Қанатында арманның.

Шыршасындай орманның

Өсіп келе жатырмын.